





Б.А. Матаев\* , Н.А. Бисембаева , Э.Ю. Сарсембаева , А.К. Сатынская   
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан  
\*e-mail: [matayevba@pspu.kz](mailto:matayevba@pspu.kz)

## ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ

### Аннотация

Бұл мақалада инклюзивті білім беру процесінде педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын мәселелер мен мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығының қалыптасуын айқындайтын қауіп факторлары мен қорғаныс тетіктерін анықтауға бағытталған. Зерттеу әдістері: ғылыми әдебиеттерді талдау, эмпирикалық бақылаулар, инклюзивті білім беруге қатысатын педагогтерға сауалнама жүргізу және тестілеу, деректерді жинау мен өндеудің сапалық және сандық әдістері және корреляциялық байланыстарды анықтау. Нәтижесінде ең маңызды сыртқы, ішкі және ұйымдастырушылық факторлар анықталды. Қорғаныс механизмдері ретінде өзін-өзі реттеу технологиялары, тәжірибе алмасу мүмкіндігі, біліктілікті арттыру, белсенді өмір салты, көмек сұрауға дайын болу айқындалды. Тестілеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтердың эмоционалдық тұрақтылық деңгейлерінің әртүрлілігін растайды, олардың басым бөлігі стресске төзімділіктің орташа деңгейімен сипатталады. Алынған деректер инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтерда кәсіби қажу қаупі бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Корреляциялық талдау деректері аталған факторлардың педагогтердың эмоционалдық әл-ауқатына және кәсіби қажу әсерін көрсетеді. Инклюзивті білім берумен айналысатын педагогтерға жоғарыда аталған қауіп факторларының әсерін азайту үшін практикалық ұсынымдар әзірленді.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығы, қауіп факторлары, қорғаныс механизмдері, стресске төзімділік, кәсіби қажу.

*B.A. Matayev\*, N.A. Bissembayeva, E.Y. Sarsembayeva, A.K. Satynskaya*  
*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan*  
\*e-mail: [matayevba@pspu.kz](mailto:matayevba@pspu.kz)

### Psychological determinants of emotional stability of teachers in an inclusive environment

#### Abstract

This article examines the problems and prospects arising from the need to ensure the emotional resilience of teachers in the process of inclusive education. The aim of the study is to identify risk factors and protective mechanisms that determine the formation of emotional resilience in teachers in the context of inclusive education. Research methods: analysis of scientific literature, empirical observations, surveys and testing of teachers involved in inclusive education, qualitative and quantitative methods of data collection and processing, and identification of correlations. As a result, the most significant external, internal, and organizational factors were identified. The following defense mechanisms were identified: self-regulation techniques, the opportunity to exchange experiences, professional development, an active lifestyle, and a willingness to seek help. The test results confirm the diversity of emotional stability levels among teachers working in inclusive education, with the largest number characterized by an average level of stress resistance. The data obtained allow us to conclude that teachers working in inclusive education are at significant risk of developing professional burnout. Correlation analysis data indicate the influence of these factors on the emotional well-being of teachers and on professional burnout. Practical recommendations have

been developed to reduce the impact of the above risk factors on teachers involved in inclusive education.

**Keywords:** inclusive education, emotional stability of teachers, risk factors, defense mechanisms, stress resistance, professional burnout.

*Б.А. Матаев\**, *Н.А. Бисембаева*, *Э.Ю. Сарсембаева*, *А.К. Сатынская*  
*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Қазақстан*  
*\*e-mail: [matayevba@pspu.kz](mailto:matayevba@pspu.kz)*

## **Психологические детерминанты эмоциональной устойчивости педагогов в инклюзивной среде**

### *Аннотация*

В настоящей статье рассмотрены проблемы и перспективы вытекающие из необходимости обеспечения эмоциональной устойчивости педагогов в процессе инклюзивного образования. Цель исследования направлена на выявления факторов риска и механизмов защиты определяющих формирования эмоциональной устойчивости педагогов в условиях инклюзивного образования. Методы исследования: анализ научной литературы, эмпирические наблюдения, опросы и тестирование педагогов, которые участвуют в инклюзивном образовании, качественные и количественные методы сбора и обработки данных и выявления корреляционных связей. В результате выявлены наиболее значительные внешние, внутренние и организационные факторы. Механизмами защиты определены: технологии саморегуляции, возможность обмена опытом, повышение квалификации, активный образ жизни, готовность обращаться за помощью. Результаты тестирования подтверждают разнородность уровней эмоциональной устойчивости педагогов, работающих в условиях инклюзивного образования, наибольшее число характеризуется средним уровнем устойчивости к стрессу. Полученные данные дают нам сделать вывод, что у педагогов работающих в условиях инклюзивного образования существует значительный риск развития профессионального выгорания. Данные корреляционного анализа указывают на влияние указанных факторов на эмоциональное благополучие педагогов и на профессиональное выгорание. Для снижения воздействия вышеуказанных факторов риска на педагогов, занимающихся инклюзивным образованием разработаны практические рекомендации.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, эмоциональная устойчивость педагога, факторы риска, механизмы защиты, устойчивость к стрессу, профессиональное выгорание.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру қазіргі заманғы білім беру тәжірибесінің маңызды бағытына айналып отыр, өйткені ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы оқуға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қазақстанның 2015 жылы БҰҰ-ның мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялағанын атап өткен жөн. Осы кезеңнен бастап мемлекет ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіре бастады, оның ішінде барлық адамдардың сапалы инклюзивті білім алу құқығы да қамтылды.

Қазіргі уақытта ҚР-дағы инклюзивті білім беру мәселелері бірқатар негізгі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Ең маңызды ережелер «Білім туралы» Заңның 8 және 19-баптарында көрініс тапқан [1]. Олар сондай-ақ «Баланың құқықтары туралы» [2] және «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» [3] Заңдарда да ашылған. Осылайша, білім беруді қоса алғанда, өмірдің әртүрлі салаларында инклюзияны дамытуға құқықтық жағдайлар қалыптастырылады. 2024 жылы Қазақстан Республикасында 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы бекітілді [4]. Аталған тұжырымдамада әрбір баланың қажеттіліктеріне қарамастан толыққанды дамуы мен әлеуетін іске асыруы үшін қалыптастырылуы тиіс негізгі шарттар айқындалған. Дәл осы тұжырымдама қазіргі кезеңде

білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін көздейді. Осы және басқа да нормативтік актілер Қазақстанда барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты интеграциялауға бағытталған білім беру жүйесін қалыптастырды.

Педагогтердің эмоционалдық тұрақтылығы мәселесінің зерттелу деңгейі бұл салада тікелей немесе жанама түрде осы тақырыпқа қатысты басқа еңбектердің болуымен сипатталады, олар педагогтердың эмоционалдық стресс мәселелеріне және олардың кәсіби қажу деңгейін төмендетуге арналған. Алайда педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығының ерекшеліктерін дәл инклюзивті білім беру жағдайында зерттеу әлі де жеткілікті түрде қарастырылмаған. Осыған ұқсас мәселелерге арналған жарияланымдар көбінесе педагогтердағы күйзелістің алдын алу бойынша жалпы тәсілдерді қамтиды. Ал олардың кейбірі өздерінің зерттеу мақсаттарына сүйене отырып, инклюзивті ортаның педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығына әсерін белгілі бір дәреже ескергенімен, біздің зерттеуімізден айырмашылығы бар.

Жалпы алғанда, қазіргі заманғы зерттеулерге жасалған талдау инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтардың эмоциялық тұрақтылығын түсінудің негізін қалайтын бірқатар іргелі теориялар мен тұжырымдамаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, бұл Р. Лазарус, Г. Селье, Х. Селье және К. Леви ұсынған стресс теориясы. Өйткені дәл осы теория стресстік жағдайлардың пайда болу және оларды еңсеру механизмдерін тануға қатысты әртүрлі тәсілдерді көрсетеді. Осыған орай, стрестің педагогтың кәсіби өзін-өзі сезінуіне және қызметінің тиімділігіне айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Сонымен қатар, аталған теорияларға сәйкес, стресс әдетте педагогтың сыртқы инклюзивті ортадан түскен әсерге деген эмоционалды-психологиялық реакциясы ретінде қарастырылады. Ал стресске қарсы тұру қабілеті оның жеке бейімділігіне және ең тиімді копинг-стратегияларды қолдана білу мүмкіндігіне байланысты болады [5].

Екіншіден, стрестің ресурстық моделі маңызды бағыт ретінде танылады. Өйткені бұл модель эмоциялық тұрақтылықты ішкі ресурстар (тұлғалық қасиеттер, кәсіби білім мен тәжірибе) мен сыртқы көрсеткіштер (әлеуметтік ортаның қолдауы, еңбек жағдайлары және мамандандырылған көмек құралдарының қолжетімділігі) арасындағы тепе-теңдіктің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [6].

Үшіншіден, резилиенттілік тұжырымдамасы (немесе қиындықтарға төзімділік танытудың көрінісі) ерекше орын алады. Бұл тұжырымдаманы инклюзивті білім беру саласында қолдану педагогты белсенді субъект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Өйткені ол кәсіби қиындықтармен сәтті күресуге және өзінің кәсіби саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін әлеуетті мүмкіндіктерге ие болуы тиіс [7].

Біздің зерттеуіміздің мақсаты: инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығының қалыптасуын айқындайтын қауіп факторлары мен қорғаныс механизмдерін анықтау.

Зерттеу нысаны: инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагогтер.

Зерттеу пәні: педагогтердың эмоционалдық жағдайына әсер ететін қауіп және қорғаныс факторлары.

Зерттеу гипотезасы: Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызмет атқаратын педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығы олардың қызметтік ортасында көрініс табатын психологиялық детерминанттармен байланысты болады деп болжанады. Атап айтқанда, сыртқы (білім беру ортасының ерекшеліктері, оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері, әлеуметтік талаптар), ішкі (жеке тұлғалық ерекшеліктер, кәсіби күйзеліс деңгейі, эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдылары) және ұйымдастырушылық факторлардың (жұмыс жүктемесі, басқару стилі, кәсіби қолдау деңгейі) күшеюі педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, педагогтардың тиімді психологиялық қорғаныс және бейімделу стратегияларын саналы түрде қолдануы олардың

эмоционалдық тұрақтылығын нығайтып, кәсіби ортадағы тәуекел факторларының жағымсыз ықпалын әлсіретеді деп болжанады.

**Материалдар мен әдістер.** Ғылыми әдебиеттерді талдау зерттеу тақырыбы бойынша бар жарияланымдарды немесе осы тақырыпқа арналған еңбектерді зерттеуге бағытталған. Ол мәселенің зерттелуінің жалпы жағдайын анықтау, негізгі ұғымдарды қалыптастыру, негізгі ғылыми тәсілдерді айқындау, әртүрлі көзқарастарды бөліп көрсету және осы зерттеудің мүмкіндіктерін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу материалдары: Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары мен диссертациялардың афторефераттары; педагогика мен психология саласындағы ғылыми журналдар, инклюзивті білім берудегі және сабақтас пәндердегі электрондық кітапханалар мен арнайы ғылыми ресурстар (мысалы, «Психология», халықаралық деректер базалары Scopus, Web of Science, «Кибер-Ленинка», eLibrary.ru және басқалары); инклюзивті білім беру мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың (UNESCO, ECDC) баяндамалары; Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік базасы; ҚР білім беру мекемелерінің инклюзияның дамуы туралы статистикалық деректері.

Әдебиеттерді талдау барысында зерттеу көздерінің таңдауы «эмоционалдық тұрақтылық», «инклюзивті білім беру», «қауіп факторлары», «қорғаныс» сияқты негізгі аспектілер бойынша жүргізілді. Табылған еңбектерді талдау андатпаларды, кіріспені және алынған нәтижелерді зерттеуді, сонымен қатар басқа авторлардың тұжырымдарында келтірілген дереккөздердің сенімділігі мен дәлел деңгейін бағалауды қамтыды.

Осы тақырып бойынша ғылыми әдебиет Қазақстандық зерттеушілердің бірқатар маңызды еңбектерін қамтиды. Г. Шұғаева мен Н. Шманқызы авторлар тобы елдегі инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін қарастыра отырып, инклюзивті білім беруді интеграциялау барысындағы негізгі қиындықтар педагогтер мен, әсіресе, педагог-психологтардың кәсіби даярлығының жеткіліксіз деңгейінде, сондай-ақ психологиялық кедергілердің, біржақты көзқарастардың және мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінің мұғалімдерінде арнайы білімнің жетіспеушілігінде деп атап көрсетеді [8].

Г. Тажина Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы педагогтердың инклюзивті білім беруге психологиялық дайындығын зерттей отырып, сауалнама барысында денсаулығында шектеулері бар студенттермен жұмыс тәжірибесінің жоғары оқу орындарының оқытушыларының инклюзивті білім беру практикасына көзқарасына айтарлықтай әсер ететінін, сондай-ақ олардың кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктеріне деген сенімділігін арттыратынын анықтады [9].

Е. Calandri инклюзивті білім берудегі педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығының ерекшеліктерін қарастыра отырып, педагогтың эмоционалдық тұрақтылығы мен икемділігі мұғалімнің эмоционалдық жағдайының тұрақтылығын және қуаныш пен шынайылық сияқты оң эмоцияларды еркін білдіруге бейімділігін біріктіретін маңызды қасиеттерді қамтитынын атап өтеді. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығы феномені мұғалім мен оқушы арасындағы өзара эмоционалдық әсерді және екі субъектінің тұлғалық дамуының өзгермелі динамикасын ескере отырып ерекше маңызға ие болады [10].

Т. Pozo-Rico жеке эмпирикалық материалды талдау жүргізіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытудағы мәселелер мен оқытушылардың дайындық деңгейін анықтады, соның негізінде оқытушылардың дайындық моделін және жоғары білім беру деңгейінде инклюзивті ортаны құру бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірледі [11].

Шетелдік авторлар инклюзивті білім беру процесінде педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын белсенді түрде зерттейді. Мысалы, F. Graziano мен S. Mastrokoukou ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы сыныптарға енгізу туралы жас мұғалімдердің көзқарастарын зерттеп, жас мұғалімдер инклюзия идеясын қолдағанымен, ерекше қажеттіліктері бар балалармен күрделі жағдайларда жұмыс істеуден қорқатынын анықтады [12]. С. Dignath пен S. Rimm-Kaufman күрделі синдромдары бар балаларды біріктіріп оқыту

идеясын қоғам мен мұғалімдердің қабылдауын қарастырып, мұндай жағдайлар мұғалімдердің стресс-төзімділігі саласында үлкен тәуекелдер тудыратынын көрсетті. Авторлар мұндай жағдайларда жалпы көзқарастардың көнсервативті болып қалатынын және айтарлықтай өзгерістерді қажет ететінін анықтады [13].

L. Yang қазіргі заманғы үрдістер мен нағыз инклюзивті білім беруге қол жеткізуге кедергі келтіретін тосқауылдарды талдады. Автор педагогтердың кәсіби құзыреттері мен жеке эмоционалдық қасиеттерін дамытудың маңыздылығына ерекше назар аударды [14].

W. Guo зерттеуінде аутистік спектрдің бұзылыстары бар студенттердің мысалында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдаудың бар педагогикалық бағдарламаларын зерттеді [15]. V. Llorent жоғары білім беру деңгейдегі инклюзивті білім берудің артықшылықтары мен қиындықтарын егжей-тегжейлі қарастырды. Автор оқытушылардың терең білімге, жеке қасиеттерге және әртүрлілікке дайын болуы қажет екенін атап өтті [16].

S. Salinas-Falquez инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен артықшылықтарын атап өтіп, педагогтерға ерекше мән берілетін арнайы инклюзивті мәдениетті қалыптастыру қажеттігіне назар аударды. Сонымен қатар, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді цифрлық ортаны пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді [17].

Сондай-ақ инклюзия жағдайында педагогтердың стресстің алдын алу және эмоционалдық тұрақтылығын арттыру мәселелеріне арналған келесі ғылыми жарияланымдарды атап өту қажет. M. Mieres-Chacaltana өз еңбегіде арнайы мекемелерде жұмыс істейтін педагогтердың кәсіби стресстің алдын алу үшін қажетті ұйымдастырушылық және психологиялық жағдайларды қарастырады. Ол түзету мектеп-интернаттарындағы педагогтердың еңбек қызметінің жоғары эмоционалдық шернеуімен байланысты ерекшеліктеріне ерекше назар аударады. Сондай-ақ, ол кәсіби стрессті азайту және инклюзивті жағдайда жұмыс істейтін педагогтердың эмоционалдық денсаулығын сақтау бойынша практикалық ұсынымдар ұсынады [18].

J. McKenna педагогтердің эмоционалдық қажу мәселелерін түзету және алдын алу маңызды екенін атап көрсетеді. Мақалада автор эмоционалдық қажу механизмдері мен құбылыстың алдын алу тәсілдерін ұсынады. Сонымен қатар, автор ерте диагностика мен жүйелі профилактиканың маңыздылығын атап өтіп, инклюзивті жағдайда жұмыс істейтін педагогтердың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған кешенді шаралардың маңыздылығын көрсетеді [19].

E. Wray өз еңбегінде педагогтердің кәсіби стресс тақырыбын ашып, оның табиғаты мен салдарын қарастырады. Автор өз эмоциялық реакцияларына мұқият қараудың және өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеру мен психологиялық қолдау алу сияқты алдын алу шараларын қолданудың қажеттігін көрсетеді [20].

A. Wettstein және E. Ramseier стресске төзімділікті стресс жағдайларына қарсы тұру қабілетін сипаттайтын психологиялық феномен ретінде қарастырады. Авторлар педагогтердың стресске төзімділігін арттыру үшін ойлау стилін өзгерту, эмоционалдық реттеу дағдыларын дамыту және жұмыс ортасын оңтайландыруды қамтитын шаралар кешенін ұсынады [21].

H. Wang және I. Burigé эмоционалдық қажу синдромының диагностикасы мен алдын алу бойынша егжей-тегжейлі тәжірибелік нұсқаулық жариялады. Олардың еңбегі тек ғылыми негіздерге ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық қажуды диагностикалау және онын алдын-алу әдістеріне арналған. Авторлар алдын алу мен оңалтудың маңыздылығын атап өтіп, педагогтерға тұрақты психологиялық қолдау көрсетуді ұсынады [22].

Осылайша, келтірілген жарияланымдар педагогтердың кәсіби стресстің және эмоционалдық қажу табиғаты, алдын алу шаралары және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде эмоционалдық тұрақтылықты сақтау әдістері туралы құнды мәліметтер береді.

Сонымен қатар, көптеген жарияланымдар инклюзивті білім беру контексінентыс жағдайларды қарастырады немесе педагогтердың ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде жиі кездесетін эмоционалдық қиындықтарын ескермейді.

Жалпы, осы зерттеудің деректерін талдау педагогтардің инклюзивті орта жағдайындағы эмоционалдық тұрақтылығына әсер ететін қауіп факторлары мен қорғаныш факторларының өзара байланысын кешенді эмпирикалық тұрғыдан зерттеу әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті.

Зерттеу әдіснамасы кешенді тәсілге негізделген. Зерттеу әдістеріне ғылыми әдебиетті талдау, эмпирикалық бақылаулар, инклюзивті білім беруге қатысатын мектеп педагогикалық ұжымдарының өкілдеріне сауалнама және тестілеу жүргізу жатады. Қолданылған сапалық және сандық деректерді жинау мен өңдеу әдістері (статистикалық және аналитикалық әдістер) қауіп факторлары мен педагогтердың эмоционалдық тұрақтылық деңгейі арасындағы корреляциялық байланыстарды анықтауға бағытталған.

Қазақстан мектептерінің инклюзивті білім беруге қатысатын педагогтарына жүргізілген барлық эмпирикалық зерттеулер (бақылау және сауалнама) инклюзивті үдеріс жағдайындағы олардың мінез-құлқын зерделеуге бағытталған.

Іріктеме сипаттамасы: эмпирикалық зерттеулерге барлығы 40 педагог қатысты. Іріктеме әртүрлі жастағы педагогтарды қамтиды: жас педагогтар (30 жасқа дейін) – 30%; орта жастағылар (31–45 жас) – 35%; үлкен жастағылар (45 жастан жоғары) – 45%. Педагогтардың кәсіби тәжірибесі де әртүрлі болды: 5 жылға дейін – 20%; 5-тен 15 жылға дейін және 15 жылдан астам – 40%-дан. Зерттеу Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен шыққан педагогтарды қамтыды: олардың ішінде қалалық мектептер өкілдері – 67,5%, ауылдық мектептер өкілдері – 32,5%.

Педагогтардың жыныстық белгі бойынша бөлінуі төмендегідей: әйелдер – 82,5%; ерлер – 17,5%. Педагогтардың басым бөлігі тиісті бейін бойынша жоғары білімге ие болды: жоғары педагогикалық білім – 90%; өзге білім – 10%. Педагогтардың едәуір бөлігінің ерекше білім алуға мұқтаж (ЕБМ) балалармен жұмыс істеген тікелей тәжірибесі бар (70%), мұндай тәжірибесі жоқтар – 20%. Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша оқудан өткендер – 60%, мұндай оқуға қатыспағандар – 40%.

Осылайша, дұрыс ұйымдастырылған іріктеме зерттеудің жеткілікті деңгейде ішкі валидтілікке ие екенін көрсетеді. Өйткені ол қазақстандық білім беру жүйесіне инклюзивті білім беру технологияларын енгізу жағдайында жұмыс істейтін қазіргі педагогикалық ұжымның негізгі сипаттамаларын бейнелейді. Осыған байланысты зерттеу барысында алынған деректерді инклюзивті білім беруге қатысатын кең педагогикалық аудиторияға сенімді түрде экстраполяциялауға болады.

Инклюзивті білім беруге қатысатын мектеп педагогтарына эмпирикалық бақылаулар жүргізу олардың инклюзивті процесс жағдайындағы мінез-құлқын зерттеуге бағытталды. Бақылаулар тікелей сыныптарда жүргізіліп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен өзара әрекеттесудің әртүрлі аспектілерін, сондай-ақ туындайтын стресс жағдайларына олардың әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бақылаулар мұғалімдердің ЕБҚ бар оқушылармен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін және оқу процесінде стресс жағдайларына олардың жауап беру тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Материал ретінде инклюзивті оқу процесінің нақты жағдайларында 40 педагогтың жұмысын бақылау нәтижелері пайдаланылды.

Педагог қызметкерлеріне арналған сауалнама авторлық анкета негізінде жүргізілді, ол педагогтердың субъективті бағалауларын анықтауға, инклюзивті жағдайда жұмыс істейтін педагогтердың эмоционалдық стресс тудыратын факторларын анықтауға және олардың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет қорғаныс механизмдерін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары эмоционалдық тұрақтылыққа әсер ететін қауіп факторларын және оны арттыруға әсер ететін қорғаныс механизмдерін анықтау үшін арнайы әзірленген сауалнама нәтижелерін қамтиды. Анкета екі блоктан тұрады:

I. Эмоционалдық стресс тудыратын қауіп факторлары (12 сұрақ): Сізге ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалар үшін жеке оқу жосарларын әзірлеуге және тапсырмаларды бейімдеуге көп уақыт жұмсауға тура келеді; Сіз ЕБҚ бар балалардың ата-аналарымен конструктивті қарым-қатынас орната аласыз ба?; Сіз ЕБҚ бар балалар жиі ерекше назар мен бақылауды қажет етеді деп санайсыз ба?; Сіз ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу үшін кәсіби білім немесе дайындықтың жеткіліксіздігін сезінесіз бе?; Сізде жұмыс күннен кейін жеке өмір мен отбасыңызға физикалық немесе моральдық күш қалады ма?; Сізге ата-аналар, әкімшілік немесе әріптестер тарапынан айтылған теріс пікірлер әсер ете ме?; Сіздің негізгі оқу іс-әрекетіңізден басқа көптеген міндеттеріңіз бар ма (жиналыстар өткізу, есеп беру, іс-шараларға қатысу)?; Сіз бірнеше балаға бір уақытта назар аударып, жүктемені тең бөлуге және әр баланың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысасыз ба?; Сіз соңғы айда өзіңізде ашуланшақтық немесе шаршау белгілерінің артуын байқадыңыз ба?; Сіз дефектологтармен, мектеп психологтарымен және дәрігерлерімен өзара әрекеттесуді өз жұмысыңызды жеңілдететін маңызды фактор деп санайсыз ба?; Сіз ЕБҚ бар балалардың жайлылығы үшін тәртіп пен үлгерім тұрғысынан ымыраға баруға тура келеді деп ойлайсыз ба?; Сіз жұмыстағы қарқынды жүктемемен байланысты шамадан тыс шаршау, апатия немесе депрессия белгілерін байқайсыз ба?;

II. Қорғаныс механизмдері және эмоционалдық стресстің алдын алу (5 сұрақ): Сіз стресс деңгейін төмендету үшін психологиялық өзін-өзі реттеу әдістерін (тыныс алу жаттығулары, визуализация, аутотренинг) қолданасыз ба?; Сіз әріптестермен немесе басшылармен тәжірибе бөлісу және қиындықтарды талқылау мүмкіндігін таба аласыз ба?; Сіз инклюзия саласында кәсіби құзыреттілікті арттыру үшін қосымша оқыту, біліктілікті арттыру курстары немесе шеберлік сабақтарына қатысасыз ба?; Сіз жақсы көңіл-күйді сақтау үшін белсенді өмір салтын (спорт, фитнес, серуен) ұстанасыз ба?; Сіз өзіңіздің эмоционалдық жағдайыңызды түзеті үшін психологтың көмегіне жүгінуді пайдалы деп санайсыз ба?

Педагогтерді тестілеу олардың эмоционалдық тұрақтылық деңгейін және кәсіби қажу дәрежесін бағалау мақсатында жүргізілді. Спилберг-Ханин шкаласы бойынша педагогтердың стресске төзімділік деңгейі (жоғары, орташа немесе төмен) анықталды.

Зерттеу кезеңдері: сауалнамалар инклюзивті білім берумен айналысатын мектеп мұғалімдері арасында таратылды. Барлығы 40 мұғалім зерттеуге қатысты. Екі әдістеме бойынша тестілеу «Online Test Pad» платформасында жүргізілді, оларға WhatsApp мессенджері арқылы сілтемелер жіберілді. Қатысушылар сілтемеге өтіп, тесті өз бетінше орындады. Нәтижелер автоматты түрде жиналып, ақпараттық жүйе арқылы бастапқы өңдеуден өтті. Содан кейін алынған деректер негізінде жиынтық есеп дайындалып, педагогтердың эмоционалдық тұрақтылық деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) және топ бойынша орташа көрсеткіштер анықталды.

Бастапқы құжаттаманы өңдеу және деректерді талдау үшін статистикалық және аналитикалық әдістер қолданылды. Алынған деректерді сандық талдауы компьютерлік статистикалық бағдарламалар көмегімен жүргізіліп, айнымалылар арасындағы өзара байланыстар анықталып, Пирсон корреляция коэффициенттері есептелді (ол екі айнымалы арасындағы сызықтық тәуелділіктің күшін көрсетеді және -1 мен +1 аралығында мән қабылдайды). Сауалнаманың ашық сұрақтары мен бақылау жазбаларының нәтижелерін сапалық бағалау контент-талдау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Егер абсолютті мән бірге жақын болса, бұл күшті корреляцияның болуын білдіреді, ал нөлге жақын мән айнымалылар арасында сызықтық байланыстың жоқтығын көрсетеді. Байланыс түрінің жіктелуі стандартты шкалаға сәйкес жүргізілді:

Корреляция коэффициентімен қатар, талдаудың міндетті элементі статистикалық маңыздылық деңгейін ( $p$ -мән) анықтау болды.  $P$ -мән – бұл нөлдік гипотеза дұрыс болған жағдайда (айнымалылар арасында байланыс жоқ деген болжам) корреляция коэффициентінің бақыланған немесе одан үлкен мәнін кездейсоқ алу ықтималдығы. Осы зерттеуде дәстүрлі маңыздылық деңгейі  $\alpha=0,05$  қабылданды. Егер есептелген  $p$ -мән  $0,05$ -тен кіші болса, онда корреляция статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылды және нөлдік гипотеза жоққа шығарылады.

Нәтижелерді талқылау және интерпретациялау алынған ақпаратты алдыңғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру арқылы жүргізілді, бұл анықталған факторлардың әсерін төмендету және инклюзивті мектептердегі педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығын қорғау механизмдерін түсіндіретін модель құруға мүмкіндік берді. Кешенді әдістерді пайдалану инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істейтін педагогтердың эмоционалдық тұрақтылығына әртүрлі факторлардың әсерін зерттеуге және оларды қолдаудың тиімді шараларын әзірлеуге мүмкіндік берді.

**Нәтижелер және олардың талқылануы.** Ғылыми әдебиеттерді талдау педагогтердың инклюзивті білім беру процесіндегі эмоционалды тұрақтылығы тақырыбын одан әрі терең зерттеу үшін ғылыми негізделген базаны қалыптастыруға, сондай-ақ мұндай мамандарды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесіне қатысты өзекті бағыттар мен әдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтың эмоционалды тұрақтылығы педагогтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде туындайтын күнделікті жұмыс жүктемесі жағдайында тұрақты эмоционалды күйді сақтай білу және өз эмоцияларын тиімді басқара алу қабілетінде жатыр. Педагогтың эмоционалды тұрақтылығына әсер ететін қауіп факторлары эмоционалды стресс, қажу ықтималдығын арттыратын және жалпы педагогтердың эмоционалды тұрақтылығын әлсірететін сыртқы, ішкі және ұйымдастырушылық жағдайлар болып табылады. Инклюзивті білім беру процесінде педагогтың эмоционалды тұрақтылығының қорғаныс механизмдері педагогтың стресске қарсы тұру және эмоционалды тұрақтылықты сақтау үшін пайдаланатын стратегиялар мен ресурстар жиынтығы болып табылады, оған кәсіби дайындық, әлеуметтік орта, жеке денсаулық және демалыс, сондай-ақ білім берудегі инновациялық тәсілдерді қабылдау кіреді. Инклюзивті білім беру – бұл барлық оқушылар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, типтік даму барысындағы балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бірлесіп оқытуын көздейтін қазіргі заманғы білім беру процесінің нысаны.

Педагогтердың эмоционалды тұрақтылығы мәселесіне әртүрлі позициялардан қатысты негізгі ғылыми тәсілдер мен көзқарастар: жеке-бағытталған тәсіл, педагогтың тұлғасының ішкі қасиеттерін, темпераментін, қабілеттерін және стресске қарсы тұру бейімділігін зерттеуге негізделген. Бұл тәсілдің ұстанушылары R. Mateu- Pérez, P. Escobedo-Peiro және т.б. [23], эмоционалды тұрақтылық тұлғалық қасиеттер мен туа біткен қабілеттер негізінде қалыптасады деп санайды; әлеуметтік-психологиялық тәсіл, оған сәйкес педагогтердың тұрақтылығына әсер ететін әлеуметтік және мәдени факторларға, мысалы, әріптестердің қолдауы, қолайлы жұмыс ортасы және ұжымдағы сенім деңгейі сияқты аспектілерге баса назар аударылады. Бұл тәсілдің ұстанушысы E. Namaziandost [24], әлеуметтік орта мен командалық қолдау педагогтың эмоционалды тұрақтылығын сақтауда маңызды екенін атап көрсетеді; іс-әрекеттік тәсіл педагогтың кәсіби қызметінің құрылымын және оның эмоционалды күйге әсерін қарастыруға негізделген. Бұл тәсілді ұстанушысы T. Steen [25] жұмыс процесін ұйымдастыруға, уақытты басқаруға және өз қызметін сауатты жоспарлауға назар аударады, бұл тұрақтылықты қамтамасыз етеді, эмоционалды қажудың алдын алады және эмоционалды тұрақтылықты арттырады.

Инклюзивті білім беру процесінің жағдайында 40 педагогтың мінез-құлқына эмпирикалық зерттеуінің нәтижелері 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1. Инклюзивті білім беру процесінің нақты жағдайларында педагогтердың мінез-құлқына жүргізілген эмпирикалық зерттеуінің нәтижелері

№	Оқушылармен өзара әрекеттесу және педагогтердың реакциясы аспектілері	Көріну жиілігі %
1	ЕБҚ бар оқушыларға жеке тәсіл қолдану	85
2	Көмекші құралдарды пайдалану	70
3	Ата-аналармен кеңес өткізу жүйелілігі	60
4	Оқушылардың жағымды мотивациясын қалыптастыру	90
5	Сараланған оқыту қағидаттарын сақтау	80
6	Аландаушылық немесе қолайсыздық сезімінің болуы	40
7	Оқушыларға қатысты агрессиялық көріністер	10
8	Сабақтардан кейінгі шаршағыштықтың жоғарылауы	50

Педагогтердың басым бөлігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға (85%) жоғары деңгейдегі жеке қамқорлық көрсетеді және әр балаға жеке тәсіл қолдануға тырысады. Көптеген педагогтер өз жұмысында көмекші құралдарды пайдаланады (70%), ата-аналармен үнемі кеңесіп отырады (60%), оқушыларды жағымды түрде ынталандырады (90%) және сараланған оқыту қағидаттарын сақтайды (80%). Педагогтердың жартысы сабақтардан кейін шаршаудың жоғары деңгейін сезінеді. Аландаушылық немесе қолайсыздық сезімі 40%-ында байқалады. Оқушыларға қатысты агрессиялық көріністер 10% (немесе екі педагогта) анықталған. Бұл педагогтердың барлығы қосымша психологиялық қолдаудың қажеттігін атап өтеді.

Алынған нәтижелер ерекше қолдауды қажет ететін оқушылармен педагогтердың өзара әрекеттесуінің жалпы көрінісін ғана емес, сонымен қатар педагогтердың өздерінің инклюзивті оқыту жағдайында психологиялық және басқа да қолдауға мұқтаж екенін көрсетеді.

Педагогтердың эмоционалдық стресіне әсер ететін қаіп факторларын және негізгі қорғаныс механизмдерін айқындауға бағытталған сауалнама нәтижелері 2- кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Педагогтердың сауалнама нәтижелері (n=40), пайызбен

№	Сұрақ	Жні	Кейде	Сирек	Ешқашан
1	Жеке жұмысқа көп уақыт жұмсау	60	30	10	0
2	Ата-аналармен өзара әрекеттесудегі қиындықтар	45	35	15	5
3	ЕБҚ бар балалардың тұрақты назарды талап етуі	75	20	5	0
4	ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеуге арналған білімнің жеткіліксіздігі	50	30	20	2
5	Жеке өмір мен отбасыға күш қалдыру	25	40	25	10
6	Сынды қабылдау ерекшелігі	30	40	20	10
7	Қосымша жұмыс жүктемесі	55	30	10	5
8	Сабақ барысында назарды тең бөлу	20	40	30	10
9	Ашуланшақтықтың артуы	40	35	20	5
10	Дефектологтар пен психологтардың қатысуының маңыздылығы	70	20	5	5
11	ЕБҚ бар балалардың жайлылығы үшін ымыраға келу	50	30	15	5
12	Шамадан тыс шаршау белгілері	45	35	15	5
13	Өзін-реттеу әдістерін пайдалану	30	40	10	10
14	Тәжірибе алмасу мүмкіндігі	50	30	15	5
15	Біліктілікті арттыру	40	35	20	5
16	Белсенді өмір салты	30	40	20	10
17	Психологқа жүгінуге дайындық	30	40	20	10

Сыртқы қауіп факторлары. Педагогтердың жартысынан көбі ЕБҚ бар балалармен жеке жұмыс жасауға көп уақыт жұмсайтынын көрсетеді, себебі 60% бұл сұраққа «жиі» деп жауап берген, қалғандары- «кейде» немесе «сирек». Көптеген мұғалімдер ата-аналарымен өзара әрекеттесуде қиындықтардың бар екенін атап өтеді, сонымен қатар шамамен жартысы (45%) «жиі» нұсқасын таңдаған. Педагогтер үшін ерекше қиындық ЕБҚ бар балалардың ерекшеліктеріне үнемі назар аудару болып табылады, бұл құбылыс 75% жағдайда «жиі» байқалады. Сауалнамаға қатысушылар өз жұмысына қолдау көрсету үшін дефектологтар мен балалар психологтары сияқты мамандары тартудың маңыздылығын атап өтті. Атап өту керек, 70% бұл факторды ең маңызды деп бағалаған.

Ішкі қауіп факторлары. Педагогтердың айтарлықтай бөлігі ЕБҚ бар балалармен тиімді өзара әрекеттесу үшін өздерінің білімдері мен біліктіліктерін жеткіліксіз деп санайды, жалпы мұғалімдердің 50% бұл мәселені аса өзекті деп таныған. Педагогтердың шамамен жартысы шамадан тыс шаршау мен мотивацияның төмендеу белгілерін хабарлаған (45% бұл симптомдарды жиі байқалатынын растаған). Ашуланшақтық деңгейінің арту мәселесі көптеген респонденттер тобында байқалған (40% оны жиі байқайды, 30% – кейде, ал 20% – сирек).

Ұйымдастырушылық қауіп факторлары. Педагогтердың шамамен үштен екісі негізгі еңбек міндеттерінен бөлек жоғары жұмыс жүктемесін сезінеді, себебі 55% «жиі» нұсқасын таңдаған. Сабақтарда назарды тең бөле алмау мәселесі көптеген педагогтер тарапынан атап өтілген, бұл ретте 20% респонденттер бұл мәселе үнемі бар деп есептейді. Тек педагогтердың төрттен бірі жеке өмір мен отбасыға жеткілікті күш қалатынын көрсеткен (сонымен бірге 25% ЕБҚ бар балалармен жұмысқа жоғары деңгейде тартылғанын атап өткен).

Қорғаныс механизмдері және эмоционалдық қауіптің алдын алу. Зерттеу нәтижесінде педагогтердың тек үштен бірі ғана психологиялық өзін-өзі реттеу әдістерін тұрақты түрде қолданатыны анықталған (30%), көптеген педагогтер олардың әлеуетті пайдасын мойындайды (40% «кейде» нұсқасын таңдаған). Педагогтер үшін әріптестерімен тәжірибе алмасу және сыртқы қолдау алу мүмкіндігі үлкен маңызға ие (50% әріптестерімен тәжірибе алмасу мүмкіндігін оң бағалайды). Көптеген педагогтер өздерінің біліктілігін арттыруға ұмтылады (40% мұны тұрақты түрде жасайды). Белсенді өмір салты маңызды рөл атқарады, алайда тек 30% белсенді физикалық іс-әрекетпен айналысады, ал 10% белсенді өмір салтына уақыт жоқ, 20% сирек белсенділік танытады. Сонымен қатар педагогтердың үштен бірінен аз бөлігі психологқа ашық түрде көмек сұрап жүгінуге дайын (30%). Осылайша, белгілі бір ресурстардың болуына қарамастан, педагогтердың көпшілігі эмоционалдық стресті төмендету және кәсіби тұрақтылықты нығайту үшін қолжетімді құралдар спектрін кеңейтуге мұқтаж.

Педагогтердың Спилбергер-Ханиннің эмоционалдық тұрақтылық шкаласы бойынша тестілеу нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 Педагогтердың Спилбергер-Ханиннің эмоционалдық тұрақтылық шкаласы бойынша тестілеу нәтижелері, (n=40)

№	Эмоционалдық тұрақтылық	Педагогтер саны	Пайыз (%)
1	Тұрақтылықтың жоғары деңгейі	12	30
2	Тұрақтылықтың орташа деңгейі	18	45
3	Тұрақтылықтың төмен деңгейі	10	25

Педагогтердан алынған деректер олардың тек 30% - ында ғана жоғары деңгейдегі эмоционалдық тұрақтылық тіркелгенін көрсетеді, себебі олар өздерінің ішкі тыныштығын сақтай алады және стресс жағдайларында пайда болатын эмоционалдық реакцияларын бақылауды біледі. Орта деңгейдегі эмоционалдық тұрақтылық педагогтердың басым бөлігінде (немесе 45%) байқалған, бұл олардың жеткілікті стресс-төзімділікке ие екенін, алайда ұзақ

